

Бас шебер

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Өндірістік цехтың бас шебері келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

- а) білім – жоғары (немесе жоғары білімнен кейінгі) білім тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша және өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болуы қажет.

ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

- Тапсырылған учаскеде өнім мен қызмет сапасын бақылау және арттыру, шығарылатын бұйымдардың толықтығын қамтамасыз ету және бракты есепке алу бойынша жұмыс ұйымдастырады;
- Өнімнің (бұйымдардың, жартылай фабрикаттардың) сорттылығын дұрыс орнатуды, оның бекітілген үлгілерге (эталондарға), стандарттарға, техникалық шарттарға және басқа нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкестігін, өндірістік процестің барлық кезеңдерінде технологиялық режимдердің сақталуын, жұмыс орындарындағы техникалық бақылау бойынша нұсқаулықтар мен әдістемелерді, орау мен пакеттің сапасын, жабдықтың және көліктің техникалық жағдайын, шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың, қосалқы бөлшектердің, дайын өнімнің сақталуын бақылайды;
- Шығарылатын немесе жеткізілетін бұйымдардың сапасы мен толықтығын куәландыратын техникалық құжаттаманы (паспорттар, сертификаттар) ресімдеу, өнімді сапа категориялары бойынша аттестациялау бойынша жұмыстарды басқарады;
- Өндірістік жабдық пен құрал-жабдықтың дәлдігін тексеру кестелерінің, бақылау-өлшеу құралдарының жағдайын, олардың жұмыс орындарында бар болуын, мемлекеттік тексеруге уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды бақылайды;
- Бекітілген талаптарға сәйкес келмейтін өнім өндірісін болдырмау, бұзылған өнімнің себептері мен кінәлілерін анықтау, дайын өнімге қатысты шағымдардың түсуін болдырмау, сондай-ақ өнім мен қызмет сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу және енгізу бойынша шаралар қабылдайды;
- Өнімнің сапасын басқарудың ең тиімді жүйелерін, бақылау әдістерін (келіп түскен қосалқы бөлшектер, материалдар және жартылай фабрикаттар үшін кіріс бақылауын қоса алғанда), жана және қайта қаралған қолданыстағы стандарттарды, техникалық шарттарды және басқа нормативтік құжаттарды әзірлеуге және енгізуге қатысады;
- Басшылыққа бағынышты қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;
- Дайын өнімді, орындалған жұмыстарды (қызметтерді) тапсырыс берушілерге қабылдауға қатысады;
- Жұмысшылардың біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруға, олардың оқытуына, озық тәжірибені енгізуге жәрдемдеседі;
- Серіктестік басшылығының басқа да тапсырмаларын орындайды.
- Жұмыс орнында дені сау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы ережелер мен нормаларды сақтайды;

- Еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтарды, технологиялық нұсқаулықтарды, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, тікелей басшының ауызша және жазбаша нұсқауларын орындайды;
- Белгіленген тәртіпте мерзімдік медициналық тексеруден өтеді;
- Еңбек қорғау бойынша оқудан өтіп, кейіннен білімін тексеруден өтеді;
- Мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерге өтінімдерді белгіленген тәртіппен ұсынады, жеткізу мерзімдерін және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сәйкестігін бақылайды;
- Серіктестіктің басқа қызметкерінің міндеттерін оның жоқтығы кезінде уақытша орындайды (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы және т.б.);
- Тікелей басшының тапсырмаларын орындап, Серіктестік басшылығының басқа да тапсырмаларын жүзеге асырады;
- Еңбек міндеттерін келісімшарттарға, еңбек және ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жоспарлау мен өткізуге арналған техникалық сипаттамаларды дайындау, баға мониторингін жүргізу және құжаттарды дайындау үшін жауапты болады.